

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ
«Мирас» университеті

МИНИСТЕРСТВО
ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
Университет «Мирас»

ECTS үлгісі бойынша кредиттерді қайта сынақтау тәртібі туралы ЕРЕЖЕ

ПОЛОЖЕНИЕ о порядке перезачета кредитов по типу ECTS


Университет ОӘК отырысында талқыланды
Обсуждено на заседании УМС университета

Хаттама № 7, 22 ақпан 2016 ж.



Университет ҒК отырысында бекітілді
Утверждено на заседании УС университета

Протокол № 7, «29» февраль 2016 г.



Шымкент, 2016 ж.

«Мирас» университетінің Оқу-әдістемелік басқармасымен ЖАСАЛҒАН
ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛГЕН.

2016 жылдың «24» сәуірі № 9 хаттамасы «Мирас» университеті Ғылыми кеңесінің шешімімен 2015-2016 оқу жылынан бастап ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН.

ECTS үлгісі бойынша кредиттерді қайта сынақтау тәртібі туралы Ережеде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының, оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастырудың ережелерінің негізгі ережелері жүзеге асырылған. Ереже «Мирас» университетінде жүзеге асатын курстар және мамандықтар бойынша оқу бағдарламаларын үйлесімдеу және синхрондау мақсатында кредиттік бірліктерді қайта тапсырудың мақсатын, міндеттерін және негізгі формалары мен тәртібін анықтайды.

Аталған Ереже «Мирас» университетінің жеке меншігі болып табылады және оқу орнының оқыту қызметінде ішкі қолдану үшін арналған.

МАЗМҰНЫ

Бөлім I	
Нормативтік сілтемелер.....	4
Негізгі терминдер және олардың анықтамасы.....	5
Бөлім II	
Жалпы ережелер.....	8
Бөлім III	
Қазақстандық кредиттер жүйесі.....	10
Бөлім IV	
Трансферт және кредиттерді жинақтаудың еуропалық жүйесі (ECTS).....	11
Бөлім V	
ECTS үлгісі бойынша қазақстандық кредиттерді салыстыру және қайта тапсыру тәртібі.....	12
Бөлім VI	
ECTS үлгісі бойынша кредиттерді қайта тапсырудың қазақстандық моделі шеңберіндегі академиялық ұтқырлық.....	15

ECTS үлгісі бойынша кредиттерді қайта сынақтау тәртібі туралы
ЕРЕЖЕ
Бөлім I
НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Аталған ереже келесі нормативтік құжаттар негізінде жасалған:

- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, 27 шілде 2007 жыл, №319 –III ҚРЗ.
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылдың 17 мамырындағы №499 қаулысы. Жоғары білім ұйымының қызметінің типтік ережелері.
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылдың 17 мамырындағы №499 қаулысы. Жоғары және жоғарыдан кейінгі білім беретін ұйымдардың қызметінің типтік ережелері.
- Қазақстан Республикасының білім және ғылым Министрлігінің 2011 жылдың 20 сәуіріндегі №152 бұйрығы. Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережелері.
- ҚР МЖМБС 5.04.019-2011. Жоғары білім. Бакалавриат. Негізгі ережелер.
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 23.08.2012 жылдың №1080 Қаулысы. Мемлекеттік жалпыға міндетті жоғары білімнен кейінгі білім стандарты.
- ҚР БЖҒМ 2008 жылдың 18 наурызындағы №125 «Білім алушылардың ағымдағы оқу-үлгерімі бақылауын, аралық және қорытынды аттестациялауын өткізудің типтік ережелерін бекіту туралы» Бұйрығы.
- Қазақстан Республикасының білім және ғылым Министрінің 2010 жылдың 8 ақпан айындағы №40 «Жоғары білім беретін білім ұйымдарында экстернат формасында оқуға рұқсат беру туралы Нұсқаулықты және сыртқы, кешкі оқу формаларында және экстернат формасында алуға болатын мамандықтар мен кәсіптер тізімін бекіту туралы» Бұйрығы.
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылдың 19 қаңтар айындағы №111 қаулысы. Жоғары білімнің кәсіби оқу бағдарламаларын іске асыратын білім ұйымдарына оқуға қабылдаудың типтік ережелері.

НЕГІЗГІ ТЕРМИНДЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ МАҒЫНАСЫ

Академиялық ұтқырлық – білім алушылар мен оқытушы-зерттеушілерді оқу немесе зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін белгілі бір академиялық кезеңге басқа жоғары оқу орнына жіберу (елдің ішінде немесе шетелде), өз оқу орнында кредиттер түрінде менгерген оқыту бағдарламаларынан міндетті түрде қайта сынақ тапсыру арқылы немесе басқа оқу орнында оқуын жалғастыру үшін.

Болондық декларация – 1999 жылы 19 шілдеде Болонья қаласында (Италия) жасалған «Еуропалық жоғары білім аумағы» еуропалық білім министрлерінің бірлескен өтініші.

Пәнді оқу үшін таңдау – осы немесе өзге дайындық бағдарламасының шеңберінде пәнді оқу үшін анықтау рәсімі.

Екі дипломды білім – екі тең дипломды (Double Major) алу немесе бір негізгі және екіншісін қосымша диплом (Major - Minor) алу мақсатында екі оқу жоспарымен (оқыту бағдарламаларымен) параллельді оқу мүмкіндігі.

Таңдау бойынша пән – ғылымның, технологияның және мәдениеттің нақты жеткілікті тар проблемаларын қарастыратын оқу пәні, осы аталған бағдарлама бойынша білім алатын студенттер үшін білім міндетті болып табылмайды, бірақ білім алушы өзінің жеке оқу қызығушылықтарына сәйкес оқу үшін таңдай алады.

Кредиттерді қайта сынақтаудың Еуропалық жүйесі (ECTS) – кредиттерді, шетелдік оқыту ұйымында оқудың мерзімі және менгерілген көлемін (еңбек сыйымдылығын) қайта ауыстыру (сынамалаудың), Еуропада академиялық ұтқырлықтың дамуына бағытталған және Еуропалық Бірлестігімен қаржыланатын бағдарламалар шеңберінде жасалған жүйе болып табылады.

Оқу пәніне жазылу – білім алушылардың оқу пәніне алдын-ала жазылу рәсімі.

Сынақ (test for credit) – студенттің зертханалық жұмыстарды, курстық жобаларды, семинардағы жұмыстарын және басқаларын орындаудағы білімін немесе жетістігін баға қоймай бағалау тәсілі.

Еуропалық жоғары білім аумағы –Сорбондық және Болондық декларациясын жасаған қол қоюшы елдердің, Еуропалық контингенттің жоғары білімінің реттелген жүйесі.

Студенттің индивидуалдық оқу жоспары – студенттің эдвайзердің көмегімен, дайындық бағытының өзі таңдаған базалық оқу жоспары негізінде, өзінің қызығушылықтары мен мүмкіндіктерін есепке ала отырып, құрастыратын оқу жоспары, осындай жоспарларды қалыптастыруда оқу орны еркіндік береді.

Кредит (сынақтық бірлік) – аталған кезеңде белгілі бір уақытта жеткен білім нәтижелерін өлшеу бірлігі.

Оқытудың кредиттік технологиясы – кредиттерді білім алушының және оқытушының оқу жұмыстарының көлемін өлшеудің біріздендірілген бірлігі ретінде қолдану арқылы білім алушының оқитын пәндерінің кезектілігін өзіндік түрде таңдау және жоспарлау негізінде оқыту.

Кодульдік оқыту бағдарламасы – білім алушылардың белгілі бір академиялық дәрежені және/немесе білікті алуы үшін қажет болатын маңызды құзіреттерді меңгеруге бағытталған оқу модульдерінің бірлестігінен тұратын оқыту бағдарламасы.

Баға – әріптік немесе сандық белгі, ол арқылы осы елде немесе нақты білім ұйымында қабылданған стандарттарға білім алушының білім деңгейінің сәйкестігі анықталады.

Постреквизиттар – пәнді оқу үшін, аталған пәнді оқу аяқталған соң меңгерілетін білім, қабілет және дағды қажет болатын пәндер.

Пререквизиттар- оқылатын пәнді меңгеру үшін қажет білім, қабілет және дағдылардан тұратын пәндер.

Дипломға қосымша – дипломға қосымша ретінде берілетін түлектің академиялық нәтижелері туралы құжат.

Оқыту бағдарламасы – студентті жоғары білімнің біліктілігімен қамтамасыз ету мақсатында, қандай да бір біліктілікті және/немесе курс жиынтығын алу үшін, бір-бірінен кейін өзара толықатын және тұрғызылатын түрлі құзіреттерді алу үшін оқыту процесінің бөлшектерін сипаттау.

Профессорлық-оқытушылар құрамы – оқу педагогикалық жұмысқа тартылған жоғары мектеп білім беру мекемелерінің қызметкерлерінің жиынтығы.

Тіркеу – білім алушыны өзі таңдаған немесе оған ұсынылған белгілі бір пәндер және сабақтарды оқуға жазу рәсімі.

Семестр – оқу жылының теңдей бөлігінің біреуінен тұратын, академиялық қызметтің біткен кезеңі.

Бағалау жүйесі – осы елде немесе елдің нақты бір білім мекемесінде қабылданған, білгілі бір стандарттарға білім алушының білім деңгейін салыстыру жүйесі.

Кредиттерді жинақтау жүйесі – білім алушының өзінің оқыту бағдарламасын өзіндік қалыптастыра алу мүмкіндігі болғанда және білікті тағайындаудың ең басты шарты – бағдарламаның соммалық еңбек сыйымдылығын анықтайтын, сынақ бірлігінің белгілі бір санын оқу кезеңі бойында жинауы болып табылатын жағдайда, білім алушының оқытудың пәндік-курстық жүйесіндегі нәтижелерін есептеу жүйесі.

Транскрипт – кредиттер мен бағаларды әріптік және сандық мағынасында көрсету арқылы сәйкес оқыту кезеңінде меңгерген пәндер тізімінен тұратын, орнатылған формадағы ресми құжат.

Білім алушының оқу жүктемесі – білім алушының бір оқу кезеңі бойында орындауы керек кредиттер түріндегі пәннің жиынтық еңбек сыйымдылығы. Білім беру мекемесі әрбір оқудың түріне сәйкес келетін минимумды анықтайды, ал білім алушы пәндердің сәйкес санын оқуға тіркелуі керек.

Оқу пәні – бір немесе бірнеше семестр шеңберінде қандай-да бір оқу бағдарламасының шеңберінде оқылатын білімнің логикалық аяқталған бөлімі.

Оқу жылы – сабақтарды өткізу, емтихандарды тапсыру және демалыстар кезеңінен тұратын білім мекемесінің дәстүрлі жылдық оқу циклі.

Эдвайзер – білім алушыға сәйкес мамандық бойынша академиялық тәлімгердің функциясын орындайтын, оқу кезеңі бойынша оқыту бағдарламаларын меңгеруге және оқу траекторияларын таңдауға (индивидуалды оқу жоспарын қалыптастыруда) көмек көрсететін оқытушы.

Емтихан – білім алушының білімін, қабілетін және дағдыларын кез-келген мақсатта тексеру түрі (сұхбаттасу, тестілеу және т.б.).

Бөлім II

Жалпы ережелер

Аталған ереже, Қазақстан Республикасының 2010 жылы наурыз айында қол қойылған Болондық декларациясының принциптерін «Мирас» университетінің іске асыру мақсатында жасалған.

Аталған ережені қолдану келесі мақсаттарға жетуді қарастырады:

- Икемді оқыту траекторияларын қалыптастыру, курстар мен мамандықтар бойынша оқу бағдарламаларын үндестіру және үйлестіру мәдениетін дамыту;
- Біліктіліктің Еуропалық шеңберімен келісілген, Дублиндік дескрипторларға сәйкес жасалған бірлескен халықаралық оқыту бағдарламаларын, екі дипломдық білімді іске асыру;
- Студенттің академиялық ұтқырлығы үшін жағдай жасау;
- Шетелдік оқу орындарында оқу пәндері мен кезеңдерін, біліктілік пен дәрежелерді өзара мойындау және қайта сынақтау механизмдерін дамыту;
- «Мирас» университетінің оқыту кеңістігіндегі сапасын, тартымдылығын және бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету;
- Қазақстан Республикасының халықаралық ғылыми-оқу кеңістігінде тең құқықты қатысуы үшін, жоғары білім туралы құжаттардың айналымдылығын қамтамасыз ету.

Кредиттер жүйені (сынақтық бірліктерді) қолданып оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері болып табылады:

- Дайындықтың немесе мамандықтың студенттің өздері таңдаған оқыту бағдарламаларының белгілі бір оқу пәндерін оқу кезектілігін таңдауда студенттерді белгілі бір еркіндікпен қамтамасыз ететін, оқу процесін ұйымдастырудың синхрондалған сызбасы;
- таңдаған бағыты немесе мамандық бойынша жоғары кәсіби білімнің Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарымен (МЖМС ЖКБ) орнатылған мерзіммен салыстырғанда аз уақытта, оқыту бағдарламаларын меңгеруге, оқу-үлгерімі жақсы студенттерге мүмкіндік беру;
- әрбір студенттің өзінің индивидуалды оқу жоспарын қалыптастыруға жеке қатысуы;
- студенттердің оқу пәндерін таңдаудағы еркіндігі;

– оқу пәндері бойынша оқу процесін қамтамасыз ететін оқытушыларды таңдау мүмкіндігі;

– студенттерге оқыту бағдарламаларының мазмұны бойынша кеңес беретін, оларға өздерінің семестрлік индивидуалды оқу жоспарларын құрастыруға көмектесетін және оқу процесін, студенттердің ағымдағы семестр ішілік және қорытынды семестрлік оқу-үлгеріміне бақылау жасайтын академиялық кеңесшілерді (эдвайзерлерді) оқу процесіне тарту;

Университет оқу процесін кредиттік және балдық-рейтингтік бағалауды қолданып ұйымдастырады, ол студентті оқыту бағдарламаларын меңгеру үшін максималды ыңғайлы жағдайлармен қамтамасыз етеді және оқуды аяқтаған соң, заңнамалардың, мемлекеттік жалпыға міндетті жоғары кәсіби білім стандартының және басқа да нормативтік құжаттардың талаптарына толық сай келетін сәйкес дәреже мен біліктілікті алуды қамтамасыз етеді.

«Мирас» университетінде, ECTS үйлестірушілері жалпы университет бойынша - Оқу-әдістемелік басқармасының бастығы, ал факультеттер бойынша – оқу жұмысы бойынша деканның орынбасарлары болып табылады.

Университеттік ECTS үйлестіруші қамтамасыз етеді

Оқу орнының ECTS үйлестірушісі ECTS принциптері мен механизмдерінің сақталуын қамтамасыз етеді, сонымен қатар оқу орнының құрылымдық бөлімшелерінің барлық үйлестірушілерінің жұмысын үйлестіреді және бақылайды.

ECTS үйлестірушілері білім алушыларға және оқытушыларға ECTS практикалық және оқу аспектілері бойынша кеңес береді.

Бөлім III

Қазақстандық кредиттер жүйесі

Оқу процесін ұйымдастырудың қазақстандық моделіне сәйкес оқу орындарында оқу жұмысының еңбек сыйымдылығын есептеу оқытылатын материалдардың көлемі бойынша іске асады және оқудың нақты нәтижелеріне жету үшін студенттердің еңбек шығынын өлшеудің бірлігі болып табылатын кредиттермен есептеледі.

Кредит, оқу жұмысының көлемін өлшеудің біріздендірілген бірлігі, оқыту бағдарламаларының белгілі бір модулдерінің шартты «бағасын» көрсетеді. Жалпы еңбек сыйымдылығы түсінігіне жатады: дәрістік, практикалық (семинарлық), зертханалық, студиялық сабақтар, кәсіби іс-тәжірибенің барлық түрлері, қорытынды аттестацияға дайындық және одан өту, студенттің өзіндік жұмысы.

Білім алушылардың оқу жүктемесі, оқу жұмысының әртүрлі түрлері үшін академиялық сағатты ілестіретін оқу сағаттарының көлемін (50 минуттан) және академиялық сағаттардың ұзақтылығын анықтайды.

Аудиторлық жұмыстың бір академиялық сағаты 50, 75 немесе 100 минутқа тең болғандықтан, білім алушының аудиторлық жұмысының академиялық сағаттары СӨЖ сағаттарының сәйкес санымен толығады, осылайша, білім алушының семестр түріндегі, академиялық кезең бойына, бір аптадағы оқу жүктемесі бір кредитке 3 сағатқа тең.

Бакалаврды дайындау бойынша оқыту процесінің аяқталуының негізгі критеріі студенттің теориялық оқудың 129-дан кем емес кредитін меңгеруі болып табылады, сонымен қатар практика бойынша кем дегенде 6 кредит, дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғауға кем дегенде 2 кредит, мамандық бойынша мемлекеттік емтиханға дайындалуға және тапсыруға кем дегенде 1 кредит меңгеруі болып табылады.

Магистрлерді дайындау бойынша оқыту процесінің аяқталуының негізгі критеріі магистранттардың келесілерді меңгеруі болып табылады:

1. ғылыми және педагогикалық дайындық барысында - кем дегенде 59 кредит, оның ішінде 42 кредит теориялық оқу бойынша, кем дегенде 6 кредит практика, және кем дегенде 7 кредит ғылыми-зерттеу жұмыстары;
2. бейіндік дайындау барысында – кем дегенде 28 кредит және кем дегенде 48 кредит, сәйкесінше оның ішінде кем дегенде 18 және 36 кредиттер теориялық оқу бойынша, кем дегенде 2 және 4 кредит практика, кем дегенде 4 және 4 кредит эксперименттік-зерттеу жұмысы.

Бөлім IV

Трансферт және кредиттер жинақтаудың Еуропалық жүйесі (ECTS)

Трансферт және кредиттер жинақтаудың еуропалық жүйесі (European Credit Transfer System) – Болондық процесс шеңберінде құрылатын оқыту кеңістігінің барлық қатысушылары үшін оқудың біліктілігі мен кезеңін мойындаудың, білімнің тазалығын қамтамасыз етудің негізгі құралдарының бірі болып табылады. ECTS жүйесінің концептуалды философиясы ұлттық оқыту жүйесімен білім алушылар өмір бойына білім алу үшін Болондық процеске қосылған елдерге еркін қатынас жасай алуының тазалығы мен салыстырмалылығын қамтамасыз етуге бағытталған.

Трансферт және кредиттер жинақтаудың еуропалық жүйесі оқудың нәтижелерінің терминдерінде көрсетілген оқыту бағдарламаларының мақсатына жету үшін қажет білім алушының оқу жұмысын анықтауға негізделген. ECTS сәйкес кредиттер, біліктілікті мойындау үшін белгілі бір деңгейде сәтті аяқталған жұмыстың белгілі бір көлемін бейнелей отырып оқу бағдарламасының кезектілі шеңберінде жинақталады.

ECTS шеңберіндегі академиялық кредит – бұл пәнді оқудың, аудиторлық сабақтардағы секілді сонымен қатар өзіндік жұмыс уақытында, еңбек сыйымдылығын өлшеудің бірлігі. ECTS бір кредиті 25-30 академиялық сағатқа тең.

Аудиторлықтан бөлек жалпы оқу жүктемесі білім алушының келесідей өзіндік оқу жұмыстарының түрінен тұрады: эссе, рефераттар, курстық жұмыстар (жобалар), зертханалық жұмыстар, ағымдағы, аралық және қорытынды бақылаудың әртүрлі түрлері бойынша дайындық, материалдар жинау және дипломдық жұмысты (жобаны) жазу. ECTS сәйкес пәндердің бір оқу жылындағы жиынтық еңбек сыйымдылығы 60 кредитке тең, сәйкесінше, бір семестр бойынша – 30 кредит. Оқу жылының ұзақтылығы ереже бойынша, 30 апта және тағы 6 апта емтихандарды (қорытынды бақылауды) тапсыруға бөлінеді.

Оқыту бағдарламасының барлық компоненттері (модульдер, пәндер, іс-тәжірибелер, бітіру жұмысын дайындау және т.б.) кредиттермен бағаланады. Бағдарламаның белгілі бір компоненттері бойынша кредиттері тек талап етілетін жұмыс аяқталған соң және оқудың жеткен нәтижелерін сәйкес бағасын алған соң ғана тағайындалады.

Бакалавриатта дәреже алу үшін оқудың ұзақтылығы үш жылдан төрт жылға дейін тұрады және сәйкес 180-240 сынақтық кредиттік бірлігін алуды талап етеді.

Бөлім V

ECTS үлгісі бойынша қазақстандық кредиттерді салыстыру және қайта сынақтау тәртібі

ECTS жүйесінің және қазақстандық кредиттік жүйенің айтарлықтай айырмашылықтары бар:

Параметрлері	Ects	Қазақстандық кредиттік жүйе
Оқу жылына жалпы кредиттердің саны	3 жылға 180 кредит, 4 жылға 240 кредит	Теориялық оқудың 129 кредиті, жалпы 4 жылға 146 кредит
Оқу жылының еңбек сыйымдылығы	60 кредит	36-44 кредит
Бакалавриаттағы 1 кредит	Жұмыстың барлық түрлеріне 25-30 сағат	45 сағат – теориялық оқу; 15 сағат – оқу іс-тәжірибесі; 30 сағат- педагогикалық іс-тәжірибе; 75 сағат – өндірістік іс-тәжірибе
Магистратурадағы 1 кредит		60 сағат- бейіндік магистратурада теориялық оқу; 75 сағат- ғылыми және педагогикалық магистратурада теориялық оқу

ECTS кредиттерін Қазақстан Республикасының кредиттеріне қайта есептеу ECTS кредиттерін, әрбір пән және оқыту бағдарламасының деңгейі бойынша ECTS 1 кредитінің толықтығына байланысты, ауысу коэффициентіне бөлу арқылы іске асады.

Есептеу барысында ауысу коэффициентінің максималды мағынасы алынады және кредиттердің саны ең аз жағына қарай дөңгелектенеді, егер оқыту бағдарламасының компонентінің ECTS кредитінің еңбек сыйымдылығы 30 академиялық сағатқа тең болса.

Қазақстан Республикасының кредиттерін ECTS кредиттеріне қайта есептеу, Қазақстан Республикасы кредиттерін жоғарыда аталған ауысу коэффициенттеріне, Қазақстан Республикасының 1 кредитінің әрбір пән және оқыту бағдарламаларының деңгейі бойынша толықтығына байланысты, көбейту арқылы жүзеге асады.

Бұл ретте Қазақстандық кредиттер и ECTS кредиттері толық бірлікте қалыптасады.

Курстық жұмыстардың (жобалардың) еңбек сыйымдылығы пәннің жалпы еңбек сыйымдылығына кіреді.

Оқу жұмыстарының әртүрлі түрлері үшін ауысу коэффициентінің мағынасы:

Оқу жұмыстарының түрлері	Ауысу коэффициентінің мағынасы	
	min	max
Теориялық оқыту (аудиториялық сабақтарды және СӨЖ есепке ала отырып)	1,5	1,8
Оқу іс-тәжірибесі	0,5	0,6
Педагогикалық іс-тәжірибесі	1,0	1,2
Өндірістік іс-тәжірибесі	2,5	3,0
Студенттің қорытынды аттестациясы	3,2	4,5
Бейіндік магистратура үшін теориялық оқыту	2	2,4
Ғылыми және педагогикалық магистратура үшін теориялық оқыту	2,5	3
Зерттеу іс-тәжірибесі	4	4,8
Магистранттың ғылыми (эксперименталды)-зерттеу жұмысы	4	4,8
Магистранттың қорытынды аттестациясы	3,2	4,5

Университетте білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі жұмыс жасайды, ол сандық эквивалентпен (1,00ден 4,00 балға дейін) он оң бағадан («А»-дан «D»-ға дейін) тұрады, олар кредиттердің меңгерілуін қарастырады, және кредиттерді қоймай бір қанағаттанарлық бағаны («F») қарастырады.

ECTS бағалар мектебі бес оң бағадан («А»-дан «D»-ға дейін) , жөнделуі мүмкін «FX» бағасынан және кредиттерді ұсынусыз «F» бағасынан тұрады.

ECTS бағаларын білім алушылардың оқу жетістігін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесіне ауыстыру:

ECTS бойынша баға	Әріптік жүйе бойынша баға	Балдардың сандық эквиваленті	%-дағы мазмұны	Дәстүрлі жүйе бойынша баға
A	A	4.0	100	Үздік
B	B+	3.33	85	Жақсы
C	B	3.0	80	
D	C	2.0	65	Қанағаттанарлық
E	D	1.0	50	
FX.F	F	0	0	Қанағаттанарлық емес

Балдық-рейтингтік әріптік жүйесінің оқу жетістіктерінің бағасын ECTS бойынша бағаларға ауыстыру келесі кестеге сәйкес іске асады:

Әріптік жүйе бойынша баға	Балдардың сандық эквиваленті	%-дағы мазмұны	Дәстүрлі жүйе бойынша баға	ECTS бойынша баға
A	4,0	95-100	Үздік	A
A-	3,67	90-94		
B+	3,33	85-89	Жақсы	B
B	3,0	80-84	Жақсы	
B-	2,67	75-79		
C+	2,33	70-74	Қанағаттанарлық	C
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық	
C-	1,67	60-64		
D+	1,33	55-59		
D	1,0	50-54	Қанағаттанарлық	D
F	0	0-49	Қанағаттанарлық емес	
			Қанағаттанарлық емес	E
			Қанағаттанарлық емес	FX.F

Бөлім VI

ECTS үлгісі бойынша кредиттерді қайта сынақтаудың ұтқырлығы

Университетте академиялық ұтқырлықты жоспарлау және ұйымдастыру барысында келесі нормативтік құжаттар қолданылады:

- ұтқырлық бағдарламасы бойынша шыққан студенттің өтініші;
- ұтқырлық бағдарламасы бойынша оқу туралы келісім;
- оқу туралы транскрипт;
- ақпараттық пакеті (курстар каталогы).

Ұтқырлық бағдарламасын дамыту үшін оқу орны Ақпараттық пакет (әрі қарай АП)– курстар каталогын жасайды.

АП мемлекеттік, ағылшын немесе орыс тілінде жасалады.

АП оқу орны қызметінің маңызды салаларын сипаттайды – академиялық, ұйымдастыру-әдістемелік, ғылыми және қосымша ақпараттан тұрады (спорттық-жаппай іс-шаралар, мәдени-демалыс қызметтері, материалды-техникалық база).

АП-де оқу орнының келесі негізгі бөлімдері бойынша сипаттамадан тұрады:

- 1) оқу орны туралы жалпы ақпарат;
- 2) оқу бағдарламалары туралы ақпарат;
- 3) білім алушылар үшін қосымша ақпараттар.

АП бірінші бөлімі «Оқу орны туралы жалпы ақпарат» оқу орнын жалпы қысқаша сипаттаудан тұрады – атауы және толық мекен-жайы және Web-сайты; тарихы және жетістіктері, оның статусы, оқу орнының құрылымы (басшылық, академиялық және көмекші бөлімшелер), дайындықтар бағытының тізімі, оқу орнында оқу үшін қабылдау және тіркеудің ережелері мен рәсімдері, алдағы оқу жылына академиялық күнтізбенің (мерекелік күндер мен демалыстарды қосумен) сипаттамасы, оқыту бағдарламаларының және ECTS үйлестірушілерінің Тегін мойындау ережелері.

Университеттің корпустарын орналастыру картасын қосуды да ұсынады.

АП екінші бөлімі - «Оқу бағдарламалары туралы ақпарат» келесі сипаттамалардан тұрады:

- 1) оқу деңгейлерінен;
- 2) Мамандықта оқу үшін шарттар (талаптар) және оқудың белгілі бір деңгейінде академиялық дәрежені алу үшін қажет кредиттердің жалпы санынан;

- 3) Оқудың мамандықтарының және жалпы оқу жоспарының сипаттамасы;
- 4) Белгілі бір мамандықта оқылатын әрбір пәннің әрқайсысынан;
- 5) Мамандық бойынша оқуды аяқтаған соң тағайындалатын дәрежелерден.

Курстар каталогында әрбір пән (сабақ) бойынша пререквизиттар, пәннің мәртебі, сонымен қатар мамандықтың оқу жоспарына сәйкес кредиттер саны.

Курстар каталогы әрбір оқылатын пән бойынша мақсаттар мен міндеттердің сипаттамасынан, әдебиеттер тізімінен, оқу әдістерінен, баға қою саясатынан, оқу тілінен, әрбір пән бойынша дәріс оқушының тегінен, атынан, әкесінің атынан тұрады.

Үшінші бөлім – оқу орны туралы білім алушылар үшін қосымша ақпарат. Аталған бөлім келесі бағыттар бойынша мәліметтерден тұрады: білім алушыларды орналастыру (жатын жағдайы және оның төлемі), тамақтану бағасы, медициналық қызметтер, физикалық және басқа да кемшілігі бар студенттер үшін жағдай, студенттер үшін қаржылық көмек (гранттар, шәкіртақылар), студенттік офистің жұмысы, оқыту үшін материалды-техникалық база (кітапханалар, компьютерлік зертханалар), халықаралық бағдарламалар, спорттық секциялар, білім алушылардың демалысы үшін жағдай, студенттік бірлестіктер.

Білім алушының өтінішінде, формаға сәйкес, жіберуші оқу орнының атауы және толық мекен-жайы, факультет/департаменттің академиялық ұтқырлық бағдарламасының үйлестірушісінің аты, тегі, әкесінің аты, сонымен қатар студенттің жеке ақпараты (аты-жөні, туылған жылы, күні, тұрғылықты мекен-жайы, контантілік мәліметтері) көрсетіледі.

Өтініште білім алушыларды ұтқырлық бағдарламаларына қатысу үшін ынталандыру туралы ақпараттар, шетелде оқыған тілі бойынша біліктілік деңгейі, жұмыс өтілі және туралы мәліметтер, шетелде оқу үшін грант алу мүмкіндігі туралы белгілер ұсынылады.

Академиялық ұтқырлық бағдарламалары бойынша оқуға келісу, студенттің академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша оқу процесін реттейтін негізгі құжат болып табылады және ағылшын тілінде толтырылады.

Қабылдайтын оқу орнының білім алушыны академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысуына оң шешім шығару барысында, келісі үш тараптық тәртіпте толтырылады: қабылдаушы оқу орны, білім алушы және жіберуші оқу орны.

Білім алушының ұтқырлық бағдарламасы бойынша оқуын растайтын қорытынды құжат оқу туралы транскрипт болып табылады, ол сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша оқыған студенттер үшін – ағылшын тілінде толтырылады, және орыс және/немесе қазақ тілінде - ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша оқыған студенттер үшін.

Оқу туралы транскриптке оқу бағдарламасы туралы (пән коды), пәннің атауы, пәнді оқу ұзақтығы (жыл, семестр, триместр), оқудың бағасы (ұлттық шкалада және ECTS шкаласында), тағайындалған ECTS кредиттерінің саны туралы мәліметтер енгізіледі.

Оқудың толық бағдарламасы бойынша сәтті оқу шарты барысында дәрежені тағайындау туралы белгі жасалады.

Оқу туралы транскриптте оқу бағдарламасының бейіні туралы анықтамалық (қосымша) мәліметтер көрсетіледі: оқу орнының бағалау жүйесін сипаттау; ECTS бағалау жүйесі; оқу жылына, семестрге, триместрге ECTS кредиттерінің саны.

